

**«NURINTECH» республикалық жастар  
инновациялық жобалар байқауын өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже республикалық жастар инновациялық жобалар байқауының (бұдан әрі - Байқау) өткізу тәртібін және жобаларды іріктеу критерийлерін анықтайды.

2. Байқау ұйымдастырушысы – «Нұр Отан» партиясы (бұдан әрі - Ұйымдастырушы). Байқаудың өткізілуін үйлестіру «Нұр Отан» партиясы «Жас Отан» жастар қанатына жүктеледі (бұдан әрі – Үйлестіруші орган).

3. Байқауға қатысуға өтінімдер 2016 жылдың 12 қазанынан бастап қабылданады.

Өтінімдерді қабылдау 2016 жылдың 15 қарашасына дейін жалғасады.

4. Бұл Ереже байқауға қатысамын деген ынтасы мен қызығушылығын білдірген барлық адамдарға онымен танысу үшін ұсынылады. Ереже бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

**2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері.**

5. Байқаудың мақсаты – еліміздің экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін үздік жобалар мен технологияларды анықтау және ғылыми-инновациялық қызметке қызықтыру арқылы жастардың шығармашылық қабілеттілігін арттыру.

6. Байқаудың міндеттері:

ғалымдардың, инженерлік-техникалық жұмысшылардың, өнертапқыштардың, аспирант, студенттер мен оқушылардың инновациялық ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру;

жастар арасында ғылыми-зерттеу қызметті және ғылыми шығармашылықты дамыту;

жастардың зияткерлік әлеуетін Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық тапсырмаларын шешу жолында қолдануға жағдай жасау;

отандық инновациялық жобаларды іске асыруда көмектесу, олардың коммерцияландыруына және ұлттық кәсіпорындарда енгізуге көмектесу;

энергия және ресурс үнемдеу технологияларды, ғылымды қажет ететін экономиканы дамытуға бағытталған прогрессивті және жаңашыл жобаларды қолдау.

### 3. Конкурс номинациялары

7. Номинациялар атауы:

- 1) «Әлеуметтік маңызды жобалар»
- 2) «Техностарт»
- 3) «Үздік жас ғалым»
- 4) «Жастардың инновациялық жобасы»
- 5) «Перспектива»

8. Байқауға қатысуға келесі тақырыптардағы инновациялық жобалар қабылданады:

жасыл энергетика (энергетика және энергияны үнемдеу);  
химиялық технология, нано технология және биотехнология;  
өнеркәсіптік және құрылыстық технология және өндіріс;  
агроинновация (өнеркәсіптік технология және өндіріс);  
IT технология және авиағарыш технологиясы;  
медицина, медициналық техника және технология, фармацевтика;  
табиғатты тиімді пайдалану, ресурсты үнемдеу;  
жол қозғалысының қауіпсіздігі;  
үздік лайфхак;  
3D баспа және жаңа материалдар;  
гаджеттерге арналған мобильдік қосымшалар;  
экологиялық инновация;  
наноимпульс – нанотехнологиядағы инновация;  
білімдегі инновация.

9. Жалпы жүлде қоры 8 000 000 теңге.

Жүлде қоры байқаудың түрлі номинациялары бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер арасында үлестіріледі:

«Әлеуметтік маңызды жобалар» номинациясының жеңімпазы және жүлдегерлері (2 және 3 орын) сәйкесінше 1 000 000, 500 000 және 250 000 теңге иеленеді;

«Техностарт» номинациясының жеңімпазы және жүлдегерлері (2 және 3 орын) сәйкесінше 1 000 000, 500 000 және 250 000 теңге иеленеді;

«Үздік жас ғалым» номинациясының жеңімпазы және жүлдегерлері (2 және 3 орын) сәйкесінше 1 000 000, 500 000 және 250 000 теңге иеленеді;

«Жастар инновациялық жоба» номинациясының жеңімпазы және жүлдегерлері (2 және 3 орын) сәйкесінше 1 000 000, 500 000 және 250 000 теңге иеленеді;

«Перспектива» номинациясының жеңімпазына Қазақстанның жоғары оқу орындарының біреуінде оқуға грант беріледі;

«Перспектива» номинациясының жүлдегерлері (2 және 3 орын) ноутбук және планшет иеленеді.

#### 4. Байқау қатысушылары

10. Байқаудың «Әлеуметтік маңызды жобалар» және «Техностарт» номинацияларына 14 және 29 жас аралығындағы Қазақстан Республикасының резиденттері қатыса алады.

Байқаудың «Үздік жас ғалым» номинациясына 14 және 29 жас аралығындағы Қазақстан Республикасының резиденттері қатыса алады.

Байқаудың «Жастар инновациялық жоба» номинациясына 14 және 29 жас аралығындағы техникалық және кәсіптік білім беру орталықтарының және жоғары оқу орындарының студенттері, бакалавр және магистратура бағдарламасы бойынша оқып жатқан Қазақстан Республикасының резиденттері қатыса алады.

Байқаудың «Перспектива» номинациясына 14 және 20 жас аралығындағы 9-11 сынып Қазақстанның оқушылары мен техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының 1-2 курс студенттері қатыса алады.

11. Байқауға қатысуға жобаның бір авторымен қатар, 5 адамнан аспайтын авторлар тобы (авторлық топтың жетекшісі анықталуы тиіс) да жіберіледі.

12. Әр қатысушы бір өтінім жібере алады.

13. Байқауға жаңа ғылыми, инженерлік, зерттеу немесе қолданбалы нәтижелерден тұратын өз бетімен орындалған инновациялық жобалар ұсынылады.

14. Реферат түріндегі жұмыстар қабылданбайды.

15. Байқауға жаңа материалдар, өнімдер, процестер, құрылымдар, қызметтер, жүйелер немесе әдістерді жасауға және оларды жетілдіруге бағытталған ғылыми жобалар ұсынылады.

16. Байқауға қатысушылар мыналарды жүзеге асыруға құқылы: байқаудың өткізілу шарттары мен тәртібі туралы ақпарат алуға; Ереже тармақтары бойынша Ұйымдастырушыларға жүгінуге; Байқауға қатысуға материалдар жіберуге.

17. Байқау қатысушыларының міндеттері:

Байқауға қатысуға ұсынылған Байқаудың міндеттері мен талаптарымен танысу;

осы Ережедегі талаптарға сәйкес рәсімделген материалдарды уақытылы ұсыну;

осы Ережеде қарастырылған ережелер мен процедураларды сақтау.

18. Байқауға қатысушылар келесілер үшін жауапты:

материалдар мен түйіндемеде көрсетілген ақпараттардың шынайылығына қойылатын талаптарды бұзғаны үшін;

осы Ережеде белгіленген шарттарды, ережелер мен процедураларды сақтамағаны үшін.

## **5. Байқау Ұйымдастырушысы**

19. Ұйымдастырушы:

Байқау туралы осы Ереженің талаптарына сәйкесіздіктерді негізге ала отырып, үміткерді байқауға қабылдамауға құқылы.

20. Ұйымдастырушының міндеттері:

барлық қатысушылар үшін тең жағдай жасау;

Байқауды өткізудің жариялылығын қамтамасыз ету;

Байқаудың нәтижелері туралы мәліметтердің уақытынан бұрын жария етілуіне жол бермеу.

21. Байқау жеңімпазын анықтау мақсатында Ұйымдастырушы қатысушылардан қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

## **6. Сараптамалық және Конкурстық комиссия**

22. Байқауды қорытындылау үшін Сараптамалық және Конкурстық комиссия құрылады.

23. Сараптамалық комиссия белгілі сарапшылар, ғалымдар, жоғары оқу орындары, ұлттық компаниялар мен технологиялық парк өкілдерінен тұрады.

Конкурстық комиссия белгілі қоғам қайраткерлері, мемлекеттік органдар өкілдері және Парламент депутаттарынан құрылады.

24. Сараптамалық және Конкурстық комиссия құрамы «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасарының қаулысымен бекітіледі.

25. Конкурстық комиссия мүшелері: комиссия төрағасы, комиссия төрағасының орынбасары, Конкурстық комиссия мүшелері, сондай-ақ Конкурстық комиссия хатшысы. Конкурстық комиссия хатшысының Байқау қатысушыларының жобаларын бағалауға құқығы жоқ.

26. Байқаудың Сараптамалық комиссиясы:

1) инновациялық критерийлері бойынша жобаларды іріктейді;

2) Байқауға ұсынылған жобаларды сараптайды;

3) қатысушылардың жобаларын бағалау критерийлері бойынша бағалайды;

4) Сараптамалық комиссиясының бағалау нәтижелері бойынша Құрама кесте жинақтайды.

27. Байқаудың Конкурстық комиссиясы:

1) іріктеуден өткен қатысушылардың жобалары бойынша баяндамаларды тыңдайды;

2) қатысушылардың жобаларын бағалау критерийлері бойынша бағалайды;

3) осы Ережеде сипатталған Байқаудың номинациялары бойынша жеңімпаздарды анықтайды.

28. Байқауға қатысуға жіберілген өтінімдер бойынша ақпаратты анықтау мақсатында Эксперттік және Конкурстық комиссия Байқау қатысушыларынан қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

## **7. Өтінімге қойылатын талаптар**

29. Материалдар мемлекеттік және орыс тілдерінде қабылданады.

30. Байқауға қатысуға өтінім ішінде келесі ақпарат болу керек:

1) осы Ереженің 1 Қосымшасына сәйкес форма бойынша қатысушының сауалнамасы;

2) жобаның сипаттамасы, құрамында:

жобаның атауы;

жобаның тематикалық бағыты;

жоба номинациясы;

жобаның жүзеге асырылуы орны;

жобаның мақсаты мен міндеттері;

жобаның өзектілігі;

элеуметтік-экономикалық тиімділігі;

техникалық сипаттамалары мен технологиялардың баяндауы;

зияткерлік меншік жөніндегі ақпарат (бар болған жағдайда).

31. Бар болған жағдайда зияткерлік меншік құқығын растайтын құжаттар (патенттер, сертификаттар және т.б.), мінездеме, пікір, жобаға қатысты хаттамалар, БАҚ-та, ғылыми мекемелер және мемлекеттік органдар ресми сайттарында жарияланған ақпараттарға сілтемелер (бар болған жағдайда) Portable Document Format форматында сканерленген түрде осы өтінімге қоса тіркеледі.

32. Жобаның ендірілген тәжірибелі үлгісі бар болған жағдайда эскиз, сызба, нұсқама, суреттер, видео (3 минуттан аспайтын), график, есептеме, тестілеудің есебі (акт және хаттама) және т.б. қоса тіркеу қажет.

33. Жобалар Ұйымдастырушыға хабарландыруда көрсетілген мерзімінен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс. Байқау тақырыптарына сай келмейтін және уақытынан кейін жіберілген материалдар Байқауға жіберілмейді.

34. Байқауға жіберілген материалдар кері қайтарылмайды.

## **8. Байқаудың өткізілу тәртібі мен шарттары**

35. Байқауға қатысуға өтінімдер 2016 жылдың 10 қарашасына дейін nurkeshov\_t@nis.edu.kz электронды мекенжайда қабылданады.

36. Байқауға өтінім жібергендер Ұйымдастырушыға Байқауға қатысу жөніндегі өтінімді дайындау мен рәсімдеу мәселелері бойынша хабарласуға құқылы.

37. Өтінімдерді тіркеуден кейін, Байқау Ұйымдастырушысы материалдарды жинақтап, Сараптамалық комиссияға ұсынады.

38. Іріктеудің өткізілу тәртібі:

Байқаудың I кезеңіндегі өтінімдерді қарау Сараптамалық комиссиясымен жүргізіледі. Барлық тақырып бағыттарындағы өтінімдер әрбір номинация бойынша бағаланады.

Сарапшылардың бағалау қорытындылары бойынша әрбір өтінім жиналған баллдарына байланысты іріктеліп, әрбір номинация бойынша ең жоғары баллға

ие 5 қатысушы жобаның II кезеңіне (финал) өткізіледі. Егер екі немесе одан көп қатысушы бірдей балл жинаса, I кезеңнің жеңімпаздары Сараптамалық комиссия мүшелерінің ашық дауысқа салуымен анықталатын болады.

39. Байқаудың II кезеңінде қатысушылар өз жобаларын ауызша баяндама және презентация түрінде ұсынады. Уақыт тәртібі – 10 минуттан аспауы тиіс. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау қатысушылардың презентация мен баяндамаларын бағалау қорытындылары бойынша жүзеге асырылады.

40. Отырысқа Конкурстық комиссия мүшелерінің көпшілігі қатысқан жағдайда оның жұмысы заңды, ал шешімдері нақты болып табылады. Қатысушылардың балдары бірдей болған жағдайда, II кезеңнің жеңімпаздары Конкурстық комиссия мүшелерінің ашық дауысқа салуымен анықталатын болады.

41. Байқау қатысушылары жобаларының бағалау қорытындылары комиссия хатшысына тапсырылып, қорытындылар хаттамасына жинақталады. Жобаларды бағалау бойынша отырысқа қатысқан Конкурстық комиссия мүшелері және Конкурстық комиссия хатшысы қорытындылар хаттамасына қол қояды. Байқаудың екі кезеңінде жиналған баллдарды қосып есептеудің қорытындысы бойынша Байқаудың 5 номинацияларындағы жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталады.

## **9. Жобаны іріктеу критерийлері**

42. Бірінші кезеңге жіберілген инновациялық жобаның негізгі бағалау өлшемдері:

а) жоба шешімдерінің өзектілігі мен сұранымдылығы (максималды бағалау – 10 балл)

өнімнің суреттемесі (технологиялар)

нарықта ұқсас техникалық және пайдаланылмалы сипаттамалары бар аналогтардың талдауы

нарықтың қажеттіліктерін талдау (тауаша және ауқымы)

б) жобаны коммерциалау (ең жоғарғы баға – 10 балл);

қолданыстағы тәжірибелік үлгі мен модельдер;

инновациялық жобаның экономикалық тиімділігі;

салыстырмалы аналогтар бойынша өнім өндірісінің өзіндік құнының талдамасы (технологиялық тиімділігі);

қаржы тарту бойынша ұсыныстар (өзінің қаржыландыру көзін пайдалану, сыртқы инвесторлар қаражаттарын тарту, соның ішінде инвестициялық банк несиелерін және т.б.);

маркетингтік стратегияны әзірлеу деңгейі;

коммерциалау тәуекелі;

в) инновациялық жобаның ғылыми-технологиялық түрінде пысықтау (ең жоғарғы баға – 5 балл);

техникалық шешімдер мен ойлардың ғылыми-техникалық дәлелдемесі;

тәжірибелік қорытындыға жетуге есепке алынбаған факторлардың әсер ету дәрежесін бағалау;

техникалық шешімдердің негізіне енген зерттеу жұмыстары мен зертханалық шешімдері;

г) патентке ие болу мүмкіндігі (ең жоғарғы баға – 7 балл);

зияткерлік меншігін қорғау құқығы бойынша жоспарлы ісі мен техникалық шешіміне қатысты өтінімінің болуы;

патенттік тазалық, патенттік іздеудің сапасы (жобаның жаңашылдығын және ұқсас аналогтарының болуын тексеру);

43. «Перспектива» номинациясы бойынша бірінші кезеңге жіберілген инновациялық жобаның негізгі бағалау өлшемдері:

а) жоба шешімдерінің өзектілігі мен сұранымдылығы (максималды бағалау – 10 балл)

өнімнің суреттемесі (технологиялар)

нарықта ұқсас техникалық және пайдаланылмалы сипаттамалары бар аналогтардың талдауы

нарықтың қажеттіліктерін талдау (тауаша және ауқымы)

б) инновациялық жобаның ғылыми-техникалық анықтылығы;

техникалық шешімдер мен ойлардың ғылыми-техникалық дәлелдемесі;

тәжірибелік қорытындыға жетуге есепке алынбаған факторлардың әсер ету дәрежесін бағалау;

техникалық шешімдердің негізіне енген зерттеу жұмыстары мен зертханалық шешімдері;

44. Қандай да бір критерий бойынша ақпараттың аз болуы немесе жоқтығы тұтас алғанда инновациялық жобаға берілген баллдың төмендеуіне әсер етеді. Сарапшылардың қорытындысында көрсетілген қорытынды баға әр бағалау критерийі үшін жиналған баллдар қосындысынан құрылады.

45. Екінші кезең кезіндегі инновациялық жобалардың бағалаудың негізгі критерийлері:

Презентацияның мазмұндылығы;

Жұмысты қорғау барысында қатысушының біліктілігі;

Мақсатты түсіну, баяндама мен ойының жеткізу сапасы;

Презентация өткізу дағдылары.

## **10. Байқау қорытындыларын шығару**

46. Байқаудың екінші кезеңіне өткен барлық қатысушыларға сертификаттар табыс етіледі.

47. Байқау қорытындылары Конкурстық комиссиясының хаттамасы негізінде 10 жұмыс күн ішінде шығарылады.

48. Байқау қорытындылары шыққан күннен бастап 5 жұмыс күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдары мен (немесе) Байқау Ұйымдастырушысының веб-сайтында жария етіледі.

## **11. Жобаларды алға жылжыту және коммерциялау**

49. Әлеуетті инвесторларды тарту мен жобаларды жылжыту мақсатында NurInTech инновациялық жобалар көрмесі және Стартап Лабораториясы өткізіледі.

50. Ұйымдастырушы өзекті халықаралық инновациялық байқаудың тізімін қалыптастырады. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне халықаралық байқауларға қатысу үшін өтінімдерді рәсімдеу, құжаттама мен презентациялар дайындау бойынша қолдау көрсетілетін болады.

## **12. Байқауды өткізу уақыты мен кезеңдері**

I кезең (2016 жылғы 13 қазан – 2016 жылғы 15 қараша) Байқауға қатысу үшін өтінімдерді қабылдау және тіркеу;

II кезең (2016 жылғы 15 қараша – 2016 жылғы 5 желтоқсан) жобаларды сараптау және іріктеу;

III кезең (2016 жылғы 5 желтоқсан – 2016 жылғы 15 желтоқсан) Байқаудың нәтижелерін бекіту, NURINTECH инновациялық жобалар көрмесі және Стартап Лабораториясын өткізу және Байқау жеңімпаздарын марапаттау;

IV кезең (2016 жылғы 15 желтоқсан – 2016 жылғы 30 қаңтар) 10 үздік жобаны халықаралық инновациялар байқауларына жіберу.

## **13. Медиа-ресурстар**

Байқаудың ақпараттық қолдауын партияның медиа-ресурстары, ақпараттық серіктестері қамтамасыз етеді.

## **14. Ұйымдастырушының байланыс ақпараты**

Байқау Ұйымдастырушысы: 010000, Астана қаласы, «Нұр Отан» партиясының Орталық аппараты, Қонаев көшесі, 12/1, 602/4 кабинет, тел. +77172 70 76 84, электрондық мекенжай: [nurintech@nurotan.kz](mailto:nurintech@nurotan.kz).



<b>Сауалнама</b>	
Тегі: Аты: Жөні: Университет/Мамандық/ Компания/Мектеп: Тел.: e-mail:	
Туған жылы, айы, күні	
Тілдерді меңгеруі	
Қосымша ақпарат	

Таныстырылатын <i>өнертабыс/ зерттеу/ ғылыми жаңалықтың</i> атауы	
Таныстыру форматы	
Презентация тезисі	
Олимпиада, шығармашылық, ғылыми байқауларға қатысу  халықаралық/ республикалық/ облыстық/ қалалық/ аудандық/ оқу орнында/ басқалары	
Кәсіби, ғылыми ұйымдарға мүшелік	

<p>Ғылыми конференция, семинар, симпозиумдарға қатысу</p> <p>жыл, өткізілген орны, атауы, доклад тақырыбы</p>	
<p>Бұл объектке толықтай мүліктік құқытарға ие екенімді және оны жасауда өзге адамдардың құқықтары бұзылмағанын растаймын.</p>	
<p style="text-align: center;">өз қолымен толтырылады</p> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <p style="display: flex; justify-content: space-between;"> <span data-bbox="384 1240 552 1263">қатысушының Т.А.Ж.</span> <span data-bbox="997 1240 1040 1263">Күні</span> <span data-bbox="1358 1240 1404 1263">Қолы</span> </p>	

\* барлық жолдар міндетті түрде толтырылу керек, жетістіктеріңізді растайтын құжаттарды тіркеңіз (сертификат, диплом, алғыс хат, ұсыныс хат)